

ӘӨЖ 8.81.11.119

И. Бекзатқызы¹**САРЫАРҚА ТОПОНИМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ
ГИДРОНИМДЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

Түйінді сөздер: география, тарих, лингвистика, топонимика, топоним, гидроним, географиялық атаулар, индикатор-термин, семантика, өзен, көл

Мақала Қазақстанның бірден-бір тарихи аймағы Сарыарқа өңірінің гидронимдеріне арналған. Мақалада топонимика ғылымының заңдылықтары, оның басқа география, тарих, лингвистика сияқты ғылым салаларымен байланысы және Сарыарқаның топонимикалық жүйесінің ерекшеліктері қарастырылады. Сондай-ақ, аумақтағы өзен-көл атауларының қалыптасу кезеңдері мен олардың шығу тегі туралы айтылады. Су нысандарын номинациялауда қолданылатын индикатор-терминдер мен олардың гидрографиялық атаулардың қалыптасуында алатын орнына ерекше назар аударылды. Зерттеу нәтижесінде аумақ гидронимдерінің көпшілігі қазақ тілінің негізінде қалыптасқан болса, кейбірі көне тілдік қабаттарға жататындығы анықталды. Сарыарқа гидронимдерін зерттеу өңірдің көне тарихы, географиялық ерекшеліктері туралы мол ақпарат алып, ерте кезеңдердегі халықтардың мәдениеті, әдет-ғұрпы мен тұрмыс-салты жөнінде тарихи этнографиялық мәліметтермен танысуға мүмкіндік береді. Мақаланы жазу барысында далалық этнографиялық экспедиция материалдары да пайдаланылды.

Географиялық атаулардың шығу тегін және мағынасын анықтаумен айналысатын топонимика бағыты тарих, география, лингвистика сияқты ірі ғылым салаларын байланыстырады. Топонимикада лингвистика ғылымы топонимдерге тілдік талдау жасау арқылы олардың этимологиясы мен семантикасын анықтауда аса жоғары маңызға ие. Сондай-ақ, географиялық атауларда әртүрлі дәуірдің тарихи оқиғалары және тарихи тұлғаларының есімдері сақталып қалған. Атаулар халық өміріндегі түрлі оқиғаларға және оның жергілікті халықтың тіліне әсер етуіне байланысты өзгеріске ұшырап жатады. Сондықтан географиялық атауларды тарихсыз зерттеу мүмкін емес.

¹ ҚР Ұлттық музейі, Астана қ., Қазақстан

Топонимдер көбінесе аумақтың географиялық ерекшеліктеріне, табиғатына, ландшафтына байланысты қойылады. Оларға қарап осы аумақта қандай өсімдіктер өсіп, қандай жан-жануарлардың мекендегенін де аңғаруға болады. Олай болса, топонимиканың география ғылымымен тығыз байланысты екенін де айта кеткен жөн. Бұл атауларды беретін халық. Ешбір халық өзен-көлін, тау-тасын себепсіз атамаған. Ал, сол жерді мекендеген халықтың тұрмысы мен мәдениетін білмей, ол атаулардың да мәнін түсіну қиынға соғатыны анық. Қазақ топонимиясында көшпелі өмір салтымен байланысты атаулар көп кездеседі. Жер-су атауларында көрініс тапқан қазақ халқының ежелгі салт-дәстүрі мен шаруашылық әрекеттерін зерттеу үшін этнография ғылымына сүйенуге тура келеді. Осылайша бірнеше ғылым салаларының басын біріктіретін топонимика өте күрделі және халықтың тарихын, тілін, мәдениетін, тіпті, территориясын сақтауда аса маңызды ғылым саласы болып табылады.

Топонимиканың күрделі де ірі саласының бірі ғылыми тілде гидронимия деп аталады. Грек тілінен аударғанда «hydros» – су, «onuma» - атау дегенді білдіреді. Яғни, кез-келген су нысанының, яғни теңіз, өзен, көл, құдық, су қоймасының атауын гидронимдер деп атайды. Көпшілік атаулар су нысандарының өзіндік ерекшеліктеріне, яғни түр-түсіне, суының дәміне, айналасындағы өсімдік пен жануарлар дүниесіне, географиялық орнына т.б. көптеген белгілеріне байланысты аталады.

Зерттеудің негізгі нысаны болып Сарыарқа аймағындағы өзен-көл атауларының қалыптасуы мен дамуының тарихи-географиялық негіздері қарастырылып отыр.

Қазақстанның ұлан-ғайыр жерін алып жатқан Сарыарқа өңірі ірілі-ұсақты көлдер мен өзендерге, олардың сай-салаларына өте бай. А. Сейдімбековтың өзі Сарыарқа атауының бұлайша аталуын «Сарыарқаның алып суайрығы екенін, ағын су атаулы сол қоянжон дөнестің қос қапталынан төгіле ағатынын көреміз. Мұндай байтақ жонды Арқа демеске болмайтын да секілді. Басқаша атау көкейге қонбайтындай, көңілге орнықпайтындай», – деп пайымдаған болатын. Алып жонның өзендері екі жаққа ағады. Солтүстік қапталынан төгіле аққан *Шар, Шаған, Ащысу, Түндік, Жарлы, Талды, Өлеңті, Шідерті, Сілеті, Есіл, Нұра, Құланөтпес, Терісаққан* сияқты арналы өзендер маңдайын солтүстікке қаратқан [6]. Бұл өзен аттарының көпшілігі ана тіліміздегі мағынасы айқын, жалпыға түсінікті сөздерден қойылған болса, кейбірі көне тілдік қабаттарға тән. Мәселен, бастауын Сарыарқадағы Нияз тауының етегінен алып, Ертіс өзеніне құятын Есіл өзені атауының төркіні мен мән-мағынасы туралы түрлі пікірлер мен болжамдар бар. А. Әбдірахманов бұл атаудың

шығу төркінін көне түркі тіліндегі, атап айтқанда, Күлтегінге қойылған ескерткіштегі *Йашыл угуз* атауымен түбірлес деп болжайды. «Есіл атауының фонетикалық өзгеріске түсіп, қалыптасуы төмендегідей түрде болған: *Йашыл // йасыл > йешіл // йесіл > Есіл*. Сөйтіп, бұл – жасыл (өзен) деген мағынаны беретін көне түркі сөзі. Кейбір түркі тілдерінде *йашыл, йешіл* сөзі осы күні де кездеседі». Ал, Т. Жанұзақтың пікірінше, құрамында *ыл, іл, ел* формалары бар – Ойыл, Қиыл, Қағыл, Еміл, Елек, Іле сияқты гидронимдік атаулар көне замандардан келе жатқан топонимдер. Олардың құрамдарындағы аталмыш морфемалары әуел баста, орал-алтай тіл бірлестігі кезінде, «өзен, су» мағынасындағы дербес сөздер болғандығын дәлелдеп отыр. Ғалым Есіл атауының бірінші сыңарындағы *ес* сөзін көне түркі тіліндегі *јасі* «дала», *јазі* «тегіс, жазық», өзбек тіліндегі *јаш* «жазық», түркімен, әзірбайжан тілдеріндегі *јазі, јазын* «дала», «жазық» сөздері ғасырлар бойы айтыла келе тілімізде *ес* тұлғасында қатты дыбыстық өзгеріске түссе, екінші құрамдағы оның *-ыл, -іл, -ел* сыңарларын морфема деп қарамай, «ылғал», «саз», «су» мәніндегі көне сөз ретінде қабылдап, *Есіл* «кең дала, жазық жердегі суы мол, үлкен өзен» деген мағынада қойылған атау деген тоқтамға келеді [3].

Махмұд Қашғаридың сөздігінде «есіл» және «ешіл» деген сөздер кездеседі. Біріншісі «суы аз» дегенді білдірсе, екіншісі «ұзын» деген мағынаны білдіреді. Екі мәнді де Есілге қатысты қолдануға болады, егер бірінші мағынада өзеннің кейбір жерлерінде суының аздығы туралы айтса, екінші мағынада өзеннің ұзындығын білдіреді.

Жоғарыда аталған өзендермен бастауы бір, шыққан жері ортақ *Аягөз, Бақанас, Тоқырауын, Былқылдақ, Қаратал, Қаршығалы, Жіңішке, Жәмші, Мойынты, Сарысу, Сарыкеңгір, Қаракеңгір* сияқты жылғасы мол, суы тұщы өзендер кереғар бағытта, оңтүстікке қарай жамырай ағып жатыр [6]. Аягөз атауының шығу төркіні туралы ғалымдар пікірлері әр ұдай. С. Нұрқанов пен Е. Қойшыбаев сынды ғалымдар «*Ай – тайпа аты, гөз* (гүз, үгүз) – өзен мәніндегі атау» – десе, А. Әбдірахманов пікірінше: «*Ай* (ай, жақсы, кіші) + *угуз* (өзен, су) > *Айугуз* > *Аягөз*». Т. Жанұзақ та атаудың екінші құрамындағы *гөз* сөзінің көне түркі тіліндегі *үгүз, гүз, гөз* «өзен» деген сөз екендігін қолдайды. Ал, оның бірінші құрамындағы *ай* – «тайпа» дегеннен гөрі, тіліміздегі *ая* – «жақсы», «әсем», «әдемі» сөзіне етене жақын деп топшылайды. Ғалым пайымдай келе, *Аягөз* «жақсы, әдемі, ерекше өзен» деген мәнде қойылған деген пікірде [3].

Сарыарқаның топонимикалық жүйесі алуан түрлілігімен, сан қабаттылығымен ерекшеленеді. Ежелгі топонимдердің ішінде өзен атаулары ең тұрақты болып табылатынын белгілі ғалым Э. Мурзаев

жазған болатын. Сондықтан өзен-көл атауларын талдауда ежелгі дәуірдің мұрасын кездестіруіміз мүмкін. Екіншіден, уақыт өте келе бұрынғы топонимдер жаңа дәуірге өту барысында не толығымен жоғалып, не болмаса атаулық, тіптен мағыналық өзгеріске ұшырайды [1].

Сарыарқа гидронимдерінің қалыптасу ерекшеліктері әркелкі болып келеді. Аумақтың гидронимиялық атауларын жергілікті жердің фаунасы мен флорасына қатысты қойылған атаулар, өзеннің нақтылы өзіне тән қасиеттерін және жеке ерекшеліктерін білдіретін атаулар, метафоралық атаулар және белгілі бір тарихи оқиғалар нәтижесінде қалыптасқан атаулар жүйесі құрайды. Сондай-ақ, өзен-көл атауларында ру, тайпа, адам есімдері де жиі ұшырасады. Бұл жалпы қазақ топонимиясында жиі кездесетін үрдіс. Қазақ халқы су нысандарының физикалық-географиялық ерекшеліктеріне (жер бедері, климаты, топырақ, өсімдік жамылғысы) жануарлар дүниесіне ертеден назар аударып, ат қойып (номинация), шаруашылық үшін қажетті маңызды белгісіне қарап ажырата білген. Сонымен қатар өзендердің көпшілігі көктемде тасып, жылдың басқа мерзімінде су деңгейі төмендеп отыратын ерекшеліктері гидрографиялық атауларда көрініс тапқан. Потомонимдердегі индикатор-терминдердің кейбіреулері (еспе, мұқыр, өзек) өзендердегі су режимінің маусым бойынша тұрақсыздығын бейнелейді.

Еспе атауы жіңішке жартасты, тар, терең аңғардан ағып шыққан өзенді білдіреді. Ғ. Қоңқашпаев еспе терминін көктемгі су тасу кезінде арнасын қатты шайып, жазда тартылып жылымдарға (қарасу) айналып кететін өзен ретінде қарастырады [5]. Зерттеліп отырған аймақта Шалқар алабына жататын *Қараеспе* деп аталатын құрғақ арна бар. Арнасымен көктемде 7...10 күндей ағын болады. Арнасы тік жар, қар суымен қоректенетін бұл арна Шолақнұра тауынан басталып, *Теріскенеспе* құяды. Теріскенеспе теріскен шөбі өсетін құрғап қалатын өзен мәніндегі атау. Өзен көктемде тасиды, жазда иірім қарасуларға бөлінеді. Жауын-шашын тапшы жылдары арнасы кеуіп қалады. Ірі салалары – Қарасу, Ақсай, Тереңсай, Еспесай [8].

«*Мұқыр*» сөзі әртүрлі нысандарға ортақ атау болып табылады. Мұқыр сөзі әртүрлі нысандарға ортақ атау болып табылады. Оронимдерде оның аласа екендігін білдіреді. П.С. Паллас, А.И. Левшин еңбектерінде «мукор» қалмақ сөзі жылғаның қып-қысқа атына сай келетінін атап көрсетеді. *Өзек* жергілікті географиялық атауларда кездесетін өзен тармағын немесе ескі арнаны атайды. Аймақта *Түйеөзек*, *Тереңөзек*, *Майөзек*, *Қуөзек*, *Ақөзек*, *Қараөзек*, *Көкөзек*, *Сарыөзек* атаулары кездеседі. Мұндағы кейбір атаулар түстен басқа жер бедері, суының қасиеті арқылы

ерекшеленіп отыр. Е. Қойшыбаев түсті білдіретін ақ, қара, жирен, ала, көк, сары сөздерінің түстен басқа өзіндік мағынаға ие екендігін дәлелдеді [5]. «Қара» сөзі кейде өзінің тура мағынасында заттың түр-түсін білдірсе, кейде «үлкен, зор» деген мағынаны білдіреді. О.А. Султаньяев еңбектерінен «Наиболее обычно прилагательное *кара*, имеющее в казахском языке три основных значения: черный, темный, густой: *Караоткель* «черный брод», *Караунгур* «темная пещера», *Караагаш* «густой лес» и др.» деген пікірін кездестіруге болады. Ал, географ, гляциолог Н.Н. Пальгов бойынша «қара» сөзі бұл өзеннің грунт суларымен қоректенетінін білдіреді. Қазақстанда грунт алаптары көне кристалл жыныстар кең тараған Сарыарқа аймағында және құмды өңірлерде кездеседі. Ол бұл туралы былай деп жазады: «В Казахстане есть и еще один вид рек, который распространен на равнинах, но по режиму отличается от типичных равнинных рек. Казахское население дало этим рекам название **Карасу** («черная вода») в отличие от горных рек, которые называются здесь **Аксу** («белая вода») [7]. Сарыарқа аймағында *Қарабұлақ*, *Қаракөл*, *Қараөзек*, *Қарасоркөл* сияқты «қара» сөзіне қатысты гидронимдер өте көп кездеседі. Керісінше, «ақ» сөзі оронимдерде (Ақжар, Ақтөбе) заттың түсін білдірсе, *Ақкөл*, *Ақбұлақ*, *Ақсу* секілді гидронимдерде судың тазалығын, мөлдірлігін білдірсе керек.

Географиялық атауларда «ақ», «қара» сөздерінен бөлек, «қызыл», «сары», «жасыл», «көк», «қоңыр» тіркестері де жиі кездеседі. Өзен-көл атауларында бұл түстерді пайдаланудың өзіндік себептері бар: жер жыныстарының түсі, өзен ағып жатқан жердің түсі. О.Л. Султаньяевтың осы тақырыптағы мақаласында ауыл тұрғындары «*Жасыл*» атты көлдің атауы жағасында жасыл шөптердің өсіп тұруына байланысты осылай аталғандығын, ал, «қоңыр» тіркесі суының түсі лас, бұлыңғыр көл атауына тән екендігімен түсіндіргендігін жазады [7]. «Көк» сөзі судың түсін білдіруде жиі қолданылады. Мұндай өзен-көлдер біршама алыстан қарағанда қаракөк, кейде жарық сәуле арқылы шағылысып көгілдір болып көрінуі мүмкін. Көк-жасыл өсімдіктер көбейген маусымдарда су жасыл, көкшіл және басқа түстерге боялғандай әсер қалдырады. Бұл құбылысты судың «көктенуі» деп атайды [5]. Сонымен қатар топонимдер құрамындағы «сары» сөзі белгілі топонимист Т. Жанұзақтың пайымдауынша, «түр», «түс» мағынасынан бөлек, «үлкен ірі, зор» мәнінде қолданылады. Осыған ден қойсақ, Сарыарқадағы ірі өзендердің бірі *Сарысу* өзені «үлкен, ірі өзен» деген мағынаға толық сай келетіндей. Яғни өзен суының молдығы мен ұзақ жерге ағуына байланысты болса керек. Бұл өзен сары даланы бойлай ағады да, Бетпақдала шөлейтіне сіңіп кетеді.

Жоғарғы және төменгі ағыстары шілдеден қаңтарға дейін құрғап қалады. Негізінен ішуге және жер суландыруға пайдаланылады [3].

Сондай-ақ «көлдер уақытша су жетіспеушілігінен сортаңға айналады. Тұзды балшық болып келетін олардың ылғал беттеріне көп мөлшерде тұз жинақталады. Бұл сортаңдардың көп бөлігінде өсімдіктер жойылған, кейде тұздары қызғылт, сары, қоңыр түсті болып келеді. Бұларды *сор* деп атайды. Осыдан-ақ *Ақсор*, *Сарысор*, *Қарасор* топонимдерінің заттың түсіне байланысты айтылғандығы түсінікті» деп тағы бір мәрте нақтылап өтті [7].

Өзен-көлдер ұзындық-қысқалығы, пішіні, тереңдігі, аумағы, көлемі арқылы да номинацияланады. Сарыарқа аумағына жататын Көкше жерінен *Қылшақты* өзені өз бастауын алып, аймақ бойындағы Көкшетау қаласы арқылы ағып өтіп, Қопа көліне құяды. Ел арасында бұл туралы «Абылай ханның қылышы өзеннің ағысымен ағып кеткен соң, бұл өзенді халық «Қылыш ақты» деп атап кетті» деген аңыз да бар. Дегенмен біз тарихшы ғалым Б.Б. Садуақастың «Қылшақты өзені атауының шығуы ерте кезде, мүмкін, алыстан қыл сияқты жіңішкеріп көрінгендіктен, «Қыл сияқты» деп, кейін айтылуы өзгеріп, «*Қылшақты*» аталуы да ғажап емес. Қазіргі кезде де өзеннің бастауына алыстан қарағанда, Қылшақты нәзік қыл сияқты көрінеді» – деген пікірін орынды деп ойлаймыз. Филолог ғалым А. Абсадық да бұл пікірді растайды. Ол «Қылшақты» деген сөз «жіңішке» дегенді білдіретінін, сол сияқты Балқашқа құятын «Мойынты» өзені де «мойын» сияқты жіңішке дегенді білдіретінін айтып өтті.

Сарыарқа өңірінің жер бедері жылдар бойы табиғи және антропогендік күштердің әсерінен түрлі өзгерістерге ұшыраған. Соның нәтижесінде пайда болған жер бедерінің өзіндік ерекшеліктері гидрографиялық атауларда көрініс тапқан. Өзен-көл атауларында орогидрографиялық *сай* термині жиі кездеседі. Э.М. Мурзаев «сай» лексемасының мағынасын малтатас шөгіндісі, тайыз жер, құрғақ арна, жырадағы жылға, өзек мағынасында қарастырып, барлық түркі тілдес халықтарда кездесетінін, орыстың ғылыми әдебиеттерінде жиі қолданылатынын атап көрсеткен. Ал, Ғ. Сағидолдақызы қазақ тіліндегі «екі таудың арасы, биік шатқал» мәніндегі сай орографиялық терминімен монғол тіліндегі «сайр» - өзен, судың тарамдары биік таулар арасын бөліп жатқан сайлар мағынасындағы *салаа* сөздері қосарлана келіп қазақ тілінде *сай-сала* деген дербес терминдегі сала лексемасын монғол тілінен енген кірме сөз ретінде қарастырады. Е. Керімбаев гидрографиялық сай термині орографиялық негізде қалыптасып, лексеманың ұзақ эволюциялық процеске ұшырап, тасты жазық, арна, өзен, жылға т.б. мағынаны білдіретінін және

олардың жер бедерінің төменгі бөлігінен ағып шығып өзара байланыста жатқанын айтады [5]. *Сай* сөзі көбіне бұрын су болып, кейін құрғап қалған нысандарға қатысты айтылады. Олар жеке ерекшеліктеріне қарай *Ащысай, Тереңсай, Шұқырсай, Шолақсай, Борлысай, Кебірсай*, өсімдік жамылғысына қарай *Қарағандысай, Көкпексай, Көксай, Қияқсай, Шилісай* деп аталса, кейде метафоралық сипатта *Күбісай, Итауызсай* деп аталатын орогидрографиялық нысандар кездеседі.

Көптеген гидрогеографиялық нысандардың құрамында *ащы* термині кездеседі: Ащы, Ащысай, Ащыбұлақ т.б. Ащылар су, көл маңындағы тұз бен ылғал сүйгіш өсімдіктерге бай, мал жайылымы болып табылатын жерлер. А.Е. Жартыбаевтың пікірінше, қазақ халқы су көздерінің жарамды, жарамсыздығын ескеріп, қай шөптің қай түлікке жұғымдылығын ежелден-ақ аңғарған. Ащы термині жайылымның ерекшелігін, суының тұздылық дәрежесін бейнелейтін гидронимдер құрамында жиі кездеседі. Жері тұзды, ащылы келетін өңірлер қыста қарсыз болады. Сондықтан да ондай жерлерге қой мен ешкі түлігі күз бен қыс айларында жайылады. Ащылы жерлер мал қоңын жылдам көтереді. Ащы сор, сортаңды жерлерге тікенек тұқымдас көп жылдық өсімдіктер өседі. Ондай жерлерге түйе түлігін өсіреді. Сырттай қарағанда ащы геотерминіне қатысты топонимдер ащы сулы, сортаңды жерлер ұғымын білдіретіндей көрінгенмен, А.Е. Жартыбаев олардың әрбір геообъектіге қатысты ерекшеліктерді дәл таңбалай алуға қабілетті келетінін де жоққа шығармайды. Мысалы: Ащылысай мен Ащылыөзек топонимдерінің құрамындағы сай мен өзек индикатор-терминдері сайға қарағанда өзекте судың көптігін, өзекке қарағанда сайдың тереңдігі мен ондағы өсімдіктер дүниесінің молдығын білдіріп тұрады. Ал Ащықарасу лимнонимі жан-жағы жазық, шөптесінді, суы тұзды, жазғы немесе көктемгі уақытта мал жайылымы ұғымында қолданылады. Сарыарқа аймағындағы Орталық Қазақстанда көктем айларында ғана тасып ағатын өзендердің сағаларында жиналып қалған, көлшікке ұқсас су қорлары мен кейбір батпақты, балшықты жерлерге жиналған ағынсыз көлшіктерді білдіреді. Мұндай сулар тек мал суаруға болмаса адамның ішуіне жарамайды. Кейде оның соңғы түрлері *қақ* деп те атала береді. Ал Орталық Қазақстанның оңтүстік-батысындағы шөлшді, жартылай шөлейтті далаларындағы айналасы бетегелі, жусанды, тораңғылы келетін тақыр мен шұңқырларға жиналған қақтардың түбі тұщы болады. Ондай жерлер негізінен сол жерді жайлаған рулар немесе жеке адамдар есімдері мен топырақ түсуіне байланысты аталады: *Шортанбайқағы, Сәдірбекқағы, Қызылқақ, Қарақақ* т.б. Қақ – көктем айларында ойпаң жерлерде жиналып қалған еріген қар суымен,

жаңбырмен толығып отыратын жайпақ, таяз көлдер. Жаз айларында құрғап, тақырға айналып кетеді. Сондықтан да кейбір тақыр геотерминіне қатысты атаулар қас, қарасу ұғымын да білдіре береді [4]. Павлодар облысы аумағында орналасқан *Қызылқас көлі* туралы облыстың тұзды көлдерін зерттеген ғалым Е.В. Посохов: «Қызылқас көлінің жағалауы жарлы, биіктігі 5 м, қызыл-қоңыр сазды және құмды жыныстардан қалыптасқан. Көлге жан-жақтан көптеген жырасайлар құяды да, жаз айларында арналары құрғап қалады. Төре ауылының маңында ағып шығатын жыра суы жаз бойы көлге құйып жатады. Су ағып шығатын жерде борпылдақ қызыл лай батпақты темір қабықшасы пайда болған» - деп жазады. Жергілікті қазақтар суы ащы, кермектілігі жоғары, батпағы қызғылтым болғандықтан көлге осындай атау берген [5].

Ащылайық гидронимі құрамындағы айрық компоненті Э.М. Мурзаев пікірінше, «өзеннің тарамданған, айрылған, айрылып кеткен жері». Осы айыр, айрық, арағ, арак географиялық терминдерін монғ. адар, қаз. *адыр* формаларының географиялық апеллятив лексикамен этимологиялық байланыста екендігін айта келіп, профессор Е. Керімбаев «көне түркі тілінде адір лексемасы «бөліну», «тармақтану», «айыр» мағынасында айтылып, лексиканың семантикалық эволюциясының негізі болып, қазіргі географиялық апеллятивті лексика қатарында түркі орографиялық атауларында мағынасы «тау», «бұйрат», «төбелі жер», «тау алды» және гидрогеографиялық атауларда «су айрық», «өзен тармағы», «жылға», «ағын», «екі айрылған өзен» мағынасында қарастырады. Орфографиялық «адыр» терминінің гидронимдік жағына ығысуы лексеманың фонетикалық д/и дыбыстарының тарихи алмасуы нәтижесінде пайда болған» деген қорытынды жасайды. Яғни ащы лексемасының қатысы арқылы жасалған бұл гидроним «жағалаулары өсімдік дүниесіне бай, мал жаюға жайлы, бір арнадан басталып, екі сағаға бөлінген өзен» деген мағынаны білдірмек [4].

Көл термині барлық түркі тілі кеңістігінде кең таралған терминологиялық элемент. Сонымен қатар парсы тілі, кавказ халықтарында кездестіруге болады. Ізденіс барысында аумақта орналасқан көлдердің басым бөлігінің атауы «көл» термині арқылы жасалғаны анықталды. Сарыарқа көлдерінің ішінде жалпы көлемі мен ұзындығы жағынан ірі саналатын көлдер: Ақмола облысында - Қарасор, Қалибек, Теке, Шалқар, Сілетітеңіз, Теңіз, Павлодар облысында-Қызылтұз, Қызылқас, Жасыбай. Орталық Қазақстанның оңтүстік шығысында Балқаш көлі орналасса, қалған аумағында (Қарасор, Қыпшақ және т.б.) ұсақ көлдер кездеседі. Олардың дені ащы көлдер.

Көкше тауының шығыс баурайында өткен 20 ғасырда тек қана орысша «Боровое», «Голубой залив» деп аталған Бурабай көлі бар. Бұл көлге Әуликөл, Ұлыкөл, Күміскөл, Қарағайлы атаулары бірге қолданылады. Әуликөл, Ұлыкөл атаулары «қасиетті, киелі» деген мағынада болса, Күміскөл суының мөлдірлігіне, тазалығына қарай, «күмістей таза, әдемі» дегенді білдірсе керек. Көлді айнала қарағай өскен. Көлдің «Қарағайлы» деп аталуы да сондықтан. «Жан-жануар» концептісі арқылы номинацияланған атауларға Шортанды, Кіші Шабакты, Үлкен Шабакты көлдері жатады. Шортанды көлі Көкше өңіріндегі ең терең көл саналса, Үлкен Шабакты ең таза, мөлдір көл. Көлдің тазалығы соншалық таңертең және кеште белгілі бір уақытта айналаның барлық әдемілігі көлдің бетінде айна тәрізді жылтырап көрінеді екен. Сол себепті бұл көлді Айнакөл деп те атаған [2].

Зерттеу нәтижесінде Сарыарқаның гидронимиялық жүйесінің қалыптасу заңдылықтары әр алуан екендігі байқалды. Жергілікті халық су нысандарын номинациялауда түрлі факторларға сүйене отырып, өзен-көлдің жеке ерекшеліктеріне сай атау бергендігіне көз жеткіздік.

1) Өзен-көлдің орналасқан жерінің ландшафынан ақпарат беретін орографиялық *сай, ой, өзек, сор, құм, жар, тас, тау* т.б. терминдер арқылы жасалған гидронимдер. Мысалы: Құмдықөл, Жарлықөл, Теректісор, Имантау, Тасшалқар, Талдысай, Талдыөзек т.б.

2) Пішіні, көлемі, тереңдігіне байланысты қойылған атаулар: Дөңгелеккөл, Теренсай, Шалқар, Ұзынкөл, Шолаққарасу т.б.

3) Судың жеке қасиеттеріне (ащы-тұщылығы, түр-түсі, тазалығы) байланысты аталған атаулар: Ащысор, Тұщысу, Жалтыркөл, Ақкөл, Қарасу. Кейде өзеннің ағысына қарай Сарқырама, Терісаққан т.б.

4) Өсімдік және жануарлар дүниесін бейнелейтін гидронимдер: Аршалы, Өлеңті, Қарағайлы, Шортанды, Балықты т.б.

5) Метафоралық атаулар: Саумалкөл, Айнакөл т.б.

6) Кісі есімінен немесе ру, тайпа аттарынан қойылған атаулар: Керей, Қыпшақ, Қалибекбұлақ, Оразбұлақ т.б.

Мақала ҚРБЖҒМ-нің BR05236868 «Сарыарқаның мәдени мұрасын зерттеу, сақтау және дәріптеу» атты гранттық жоба аясында жазылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Аршабеков Т., Жакин М., Жұмабеков Ж. Қарағанды облысы Нұра ауданының топонимикалық картасы: тарихи негіздеме. – Қарағанды: «Гласир», 2009. – 220 б.

2. Бекзатқызы И. Зеренді, Бурабай аудандарының топонимикасы (далалы-этнографиялық зерттеу материалдары негізінде) // Ұлы дала мұралары. – Астана. – 2017. Шығ. 1. – Б. 232-239.
3. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 524 б.
4. Жартыбаев А.Е. Орталық Қазақстан аймақтық топонимикасы. – Қарағанды: «Болашақ баспа», 2008. – 379 б.
5. Сапаров Қ.Т. Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі. – Павлода.: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. – 308 б.
6. Сапаров Қ.Т. Сарыарқа топонимиясының жер бетіндегі көрінісі // Гидрометеорология және экология. – Алматы. – 2010. – №2 – Б. 137-144.
7. Султаньяев О.Л. Принципы номинации в казахской топонимике Кокчетавской области // Ученые записки УрГУ. Серия филологическая. – 1971. – Вып. 18. – С. 62-72.
8. Ұлытау-Жезқазған өңірінің жер-су атаулары. / Жау. ред. Б.Ә. Айқынбай, Ғ.Е. Ештанаев. – Алматы: Эверо, 2007. – 220 б.

Поступила 9.08.2018

И. Бекзатқызы

ФОРМИРОВАНИЕ ГИДРОНИМОВ В ТОПОНИМИЧЕСКОЙ СИСТЕМЕ САРЫАРКИ

Ключевые слова: география, история, лингвистика, топонимика, топоним, гидроним, географические названия, индикатор-термин, семантика, река, озеро

Статья посвящена гидронимам одному из исторических регионов Казахстана – Сарыарке. В статье рассматривается закономерности топонимической науки, ее связь с такими отраслями наук как география, история, лингвистика и особенности топонимической системы Сарыарки. Также, отмечается о периодах возникновения названий рек, озер и об их происхождении. Особое внимание уделено на индикатор-терминов, используемых в номинировании водных объектов и их роли в формировании гидрографических названий. В результате исследования установлено, что множество региональных гидронимов образованы на основании казахского языка, некоторые относятся к древним языковым формам. Кроме того в статье проведен сравнительный анализ названий некоторых рек, озер с семантической точки зрения. Исследование гидронимов Сарыарки позволит получить больше информации о древней истории, географических особенностей региона, ознакомиться с историческими этно-

графическими сведениями о культуре, обычаях, обрядах и традициях народов древних времен. В ходе написания статьи также были использованы материалы полевой этнографической экспедиции.

Bekzatkyzy I.

HYDRONYM FORMATION IN SARYARKA TOPONYMIC SYSTEM

Keywords: geography, history, linguistics, toponymy, toponym, hydronym, geographical names, indicator-term, semantics, river, lake

This article contemplates hydronyms, in particular, one of Kazakhstan's historical regions – Saryarka. The article examines regularities of toponymic science, its relations with such fields of science as geography, history and linguistics, as well as special characteristics of Saryarka toponymic system. Additionally, it remarks on periods of formation of rivers and lakes, as well as their origins. Special attention is paid to the indicator terms used to designate bodies of water and their role in forming hydrographic names. As a result of the research, it was established that a multitude of regional hydronyms had been formed on the basis of Kazakh language; some of them are related to the ancient language forms. Moreover, the article contains comparative analysis of names of some rivers and lakes from the semantic point of view. Saryarka hydronyms research will allow us to discover more information on the ancient history and geographical features of the region, to learn about the historical ethnographic data on culture, customs, rites and traditions of the peoples from the ancient times. Materials of a field ethnographic expedition have been used in the course of this article's writing process.